

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 1- беті
--	---	--

---

**ҚАҒИДА**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ**

**ІҚЕ VI-04-2022**

Әзірлеген: ИҒЗ бөлімінің бастығы  
Л.В.Овсищев



**Қарағанды**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 2- беті
--	--	--

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	4
5	Жалпы ережелер	4
	А Қосымшасы Ғылыми-зерттеу процесінің картасы	11
	Б Қосымшасы СҒЗЖ бойынша жоспар	12
	В Қосымшасы Кафедралардың ғылыми қызметі туралы есеп формасы	13
	Г Қосымшасы Келісу парағы	14
	Д Қосымшасы Танысу парағы	15
	Библиография	20
		21
		22

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 3-беті
--	--	---

## **1 Қолдану саласы**

Осы Қағида студенттердің ғылыми қызметін басқару процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тартудың мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың жалпы тәсілі мен негізгі қағидаттарын айқындайды.

Осы Қағиданы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің барлық бөлімшелері қолданады және сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы Қағидада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды: ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».

ҚР СТ ISO 9000:2017 (ISO 9000:2015) Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР V – 01 – Құжатталған ақпаратты басқару.

## **3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар**

Осы Қағидада ҚР СТ ISO 9001-2017 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздікке» сәйкес терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- ҚР СТ– Қазақстан Республикасының стандарты
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- ҚР – құжатталған рәсім;
- СҒЗЖ – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы;
- СОЗЖ – студенттердің оқу-зерттеу жұмысы;
- ҒЖД – Ғылым және инновация департаменті;
- ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы;
- ҒЖ – ғылыми жұмыс;
- ҒЗИ – ғылыми-зерттеу институты;
- ҒЗЗ – ғылыми-зерттеу зертханасы;
- ҒЗҚ – ғылыми-зерттеу қызметі;
- ӘЖД – Әкімшілік жұмыс департаменті;
- ҒТБ – ғылыми-техникалық бағдарлама;
- ХБ – халықаралық байланыстар;
- ПОҚ – профессорлық-оқытушылар құрамы;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 4- беті
--	---	--

- СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- АМД — академиялық мәселелер жөніндегі Департамент;
- ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;
- СМЖАО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;
- СБ – сапа жөніндегі басшылық.

#### **4 Жауапкершілік және өкілеттіктер**

4.1 Қағиданы енгізу үшін сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (СБӨ) және әзірлеуші жауапты болады.

4.2 Осы Қағиданы әзірлеуші ИҒЗ бөлімінің бастығы болып табылады, ол осы ІҚЕ қағидаларының ИСО 9001 стандартының талаптарына сәйкестігі үшін және рәсімді басқару үшін жауапты болады.

4.3 Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын бөлімшелердің басшылары жауапты болады.

4.4 Бөлімшедегі сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың таралып кетуіне бөлімше басшылары жауапты болады.

#### **5 Жалпы ережелер**

5.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлаудың түпкі мақсаттарына сай болуы, Университеттің бірыңғай оқу-тәрбие және ғылыми кешеніне кіруі және ғылым саласындағы Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың бастапқы сатысы болуы тиіс.

5.2 Студенттердің ғылыми зерттеулерінің тақырыбы оқу процесімен, оның жалғасуымен тығыз байланысты болуы тиіс. Әдетте, ғылыми зерттеулер тақырыбы Университет түлегінің кейінгі кәсіби (өндірістік немесе ғылыми) қызметіне бағытталған қолданбалы сипатқа ие болуы және өндірістің нақты проблемаларын шешуі тиіс.

5.3 Университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын тікелей ұйымдастыру кафедра меңгерушілеріне жүктеледі, олар осы қызметте Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [1], «Ғылым туралы» [2], «Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі патенттік Заңы» [3] Заңдарын; Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Жарғысын [4], Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Кафедрадағы (факультеттегі) студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына кафедраның штаттағы оқытушылары арасынан кафедра меңгерушісі (факультет

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 5- беті
--	---	--

деканы) тағайындайтын СҒЗЖ жауапты адам басшылық етеді.

5.4 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық пен тікелей бақылауды ҒЖИД мен АМД жүзеге асырады. Студенттердің ғылыми-зерттеу процесінің картасы А қосымшасында берілген.

5.5 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен негізгі міндеттері.

5.5.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты нарықтық экономика жағдайында олардың қажеттілігін қамтамасыз ететін жоғары білімді мамандарды даярлау сапасын арттыру болып табылады.

5.5.2 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы студенттердің ғылыми-зерттеу еңбегі дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық бастамашылықты дамытуға және ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін практикада қолдану қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс, бұл зерттеуші (ғалым), басқарушы (менеджер) ретінде қазіргі заманғы маманды даярлау талаптарына жауап береді.

Студенттерді ғылыми жұмысқа тарту, жоғарыда айтылғандардан басқа, университеттің шаруашылық келісімшарттары мен мемлекеттік бюджеттік тақырыптарын орындауда, сондай-ақ зертханалық базаны жетілдіруде, әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуде және оқу процесінің басқа да міндеттерін шешуде нақты көмек алуға мүмкіндік береді.

5.5.3 СҒЗЖ негізгі міндеттері:

- студенттердің танымның ғылыми әдістерін меңгеруі;
- студенттерді ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперимент жүргізу әдістемесімен және шешім қабылдау теориясымен таныстыру;
- ғылыми және практикалық міндеттерді өз бетінше шешу дағдыларын меңгеру;
- ғылыми ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, олардың жұмысын ұйымдастыру әдістерімен танысу;
- студенттердің шығармашылыққа, өз бетінше білім алуға, өз білімін үнемі жетілдіруге, оқу материалын терең және шығармашылық игеруге деген қажеттілігін тәрбиелеу;
- отандық және шетелдік әдебиеттермен тұрақты жұмыс істеу дағдылары мен қажеттілігін қалыптастыру, патенттік қормен жұмыс істей білу;
- заманауи ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қарым-қатынас әдістерін игеру (Internet, Электрондық пошта және т. б.);
- қоғамның нақты экономикалық, әлеуметтік немесе рухани прогресін қамтамасыз ететін ғылыми бағыттардың (жұмыстардың) өзектілігін бағалауға ғылыми көзқарасты қалыптастыру.

5.5.4 СҒЗЖ-ны дамыту, ұйымдастыруды жетілдіру және нәтижелерін шығаруда студенттердің ғылыми жұмыстарының конкурстары, студенттік

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 6- беті
--	---	--

ғылыми конференциялар, студенттердің ғылыми және ғылыми-техникалық шығармашылығының көрмелері, олимпиадалар маңызды орын алады.

5.6 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау.

5.6.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары тікелей Университеттің кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінде (ҒЗИ, ҒЗЗ) ұйымдастырылады.

5.6.2 Ғылыми басшылықты Университет кафедраларының профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырады. СҒЗЖ басшылығына ғылыми қызметкерлер, инженерлер, магистранттар мен докторанттар тартылуы мүмкін.

5.6.3 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы оқу процесіне қосылатын оқу-зерттеу жұмысы және оқудан тыс уақытта орындалатын СҒЗЖ болып бөлінеді.

5.6.4 Оқу процесіне енгізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мыналарды көздейді:

- студенттердің рефераттар дайындауымен оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдерін терендетіп оқу бойынша жұмыс;

- ғылыми зерттеу элементтері бар тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, курстық және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) орындау;

- өндірістік немесе оқу практикасы кезеңінде ғылыми-зерттеу сипатындағы нақты типтік емес тапсырмаларды орындау;

- «Ғылыми зерттеулер негіздері» курсы бойынша әдістеменің теориялық негіздерін меңгеру, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және орындау, ғылыми экспериментті жоспарлау және ұйымдастыру, ғылыми деректерді өңдеу және т.б.

Оқу процесіндегі СҒЗЖ-ның ең маңызды түрі курстық және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) орындау кезінде ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады.

5.6.5 Оқудан тыс уақытта орындалатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мынадай нысанда ұйымдастырылады:

- студенттік ғылыми үйірмелердегі жұмыстар;

- Университеттің кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінде орындалатын шығармашылық ынтымақтастық бойынша жұмыстарға, мемлекеттік бюджет немесе шаруашылық келісім тақырыбын орындауда студенттердің топтармен немесе жеке тәртіппен қатысуы;

- студенттік конструкторлық, жобалау, экономикалық, технологиялық, ғылыми-ақпараттық, аударма және басқа бюролардағы, шығармашылық шеберханалар мен студиялардағы жұмыстар;

- ғылым, техника және мәдениет саласындағы білімді тарату бойынша лекторлық жұмыс.

5.6.6 Студенттік ғылыми үйірмелер студенттерді сабақтан тыс уақытта ғылыми жұмысқа тартудың негізгі, неғұрлым жаппай формасы болып табылады. Студенттік ғылыми үйірме бір немесе бірнеше ғылыми

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 7- беті
--	--	--

міндеттермен (проблемалармен) жұмыс істеуге біріктірілген салыстырмалы түрде шағын шығармашылық ұжым болып табылады және зерттеу тобының құрамына кіреді.

5.6.7 Студенттік ғылыми үйірмелер жалпы ғылыми және арнайы кафедраларда ұйымдастырылады. Онда студенттер отандық және шетелдік арнайы әдебиеттер бойынша аннотациялар мен рефераттар жасайды, эксперимент жүргізу және алынған нәтижелерді өңдеу дағдыларын меңгереді, көрнекі құралдарды, зертханалық қондырғылар мен оқытудың техникалық құралдарын жобалайды және дайындайды, үйірмелер отырыстарында, кафедраның ғылыми семинарларында сөз сөйлейтін хабарламаларды дайындайды. Неғұрлым дайындалған студенттер анағұрлым күрделі ғылыми-техникалық міндеттерді шешуге тартылады. Студенттердің үйірмелердегі ғылыми-зерттеу жұмыстары, әдетте, орындалған жұмыс және алынған нәтижелер туралы тиісті есеп берумен аяқталады.

Ғылыми үйірме пәндік немесе мамандық бойынша құрылуы мүмкін.

Пәндік ғылыми үйірме оқу жоспары бойынша белгілі бір пәнді әдеттегі оқу тәртібінде шешілгеннен гөрі күрделірек мәселелерді шешуге бағытталған. Үйірме мүшелері 1-4 курс студенттері бола алады.

Мамандық бойынша ғылыми-зерттеу үйірмесінде студенттер кафедралардың ғылыми тақырыптары бойынша зерттеулер орындайды. Мамандық бойынша ғылыми үйірмелер көбінесе бітіруші және бейінді кафедраларда ұйымдастырылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерге арналған тапсырмалары ғылымның, өзектіліктің, жаңалықтың жалпыдидактикалық талаптарына жауап беруі, студенттің тәжірибесіне, біліміне, іскерлігі мен дағдыларына сәйкес келуі тиіс.

5.6.8 Студенттік ғылыми үйірмелерді ұйымдастыру Университеттің барлық кафедраларында міндетті болып табылады.

5.6.9 Студенттердің шаруашылық келісімшарт және мемлекеттік бюджет жұмыстарын орындауға қатысуы Университеттің ғылым және инновациялар департаментінің Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте орындаушы студенттер өздері орындайтын жұмысқа және университеттегі оқу курсына байланысты лаборант, техникалық немесе инженерлік құрам лауазымдарына қабылдана алады.

5.6.10 Студенттік конструкторлық бюролар Университетте кафедралар мен зертханаларға, кәсіпорындарға, ғылыми ұйымдарға зерттеу, жобалау-конструкторлық және басқа да жұмыстарды орындауда практикалық көмек көрсету үшін дербес ғылыми бөлімшелер ретінде құрылады.

5.6.11 Студенттердің сабақтан тыс уақытта сәтті орындаған және оқу бағдарламаларының талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық жұмыстары тиісті зертханалық және курстық жұмыстар, басқа да оқу тапсырмалары ретінде есептелуі мүмкін.

5.6.12 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары оқытушылардың жеке

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 8- беті
--	---	--

жұмыс жоспарларына және кафедраның оқу-тәрбие және ғылыми жұмысының жалпы жоспарларына енгізіледі. СҒЗЖ жоспары (Б қосымшасы) ҒЖД-ға тапсырылады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері Университеттің (факультеттердің, кафедралардың) жыл сайынғы есебінде «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімінде (В қосымшасы, 10-тармақ) жарияланады.

Кафедралардың есебінде толық ақпарат ұсынылуы тиіс:

- ғылыми үйірмелердің жұмысы туралы (үйірмелердің тақырыптары, үйірме жетекшілері мен студенттер туралы мәліметтер, орындалған жұмыс);
- ғылыми тақырып бойынша курстық және дипломдық жобалау туралы мәліметтер (немесе ғылыми зерттеу элементтерімен);
- өткізілген конкурстар, олимпиадалар, конференциялар, студенттердің шаруашылық шарттар мен мемлекеттік бюджеттік жұмыстарға қатысуы туралы ақпарат;
- жарияланымдар, өнертабысқа берілген өтінімдер және алынған патенттер туралы мәліметтер; сондай-ақ СҒЗЖ-ның басқа нәтижелері туралы ақпарат.

5.6.13 Кафедраларда СҒЗЖ ұйымдастыру және жоспарлау кешенді тәсілдеменің талаптарына және оқу процесінде және сабақтан тыс уақытта іске асырылатын студенттердің ғылыми жұмысының барлық нысандары мен әдістерінің өзара тығыз байланысына, сондай-ақ студенттің курстан курсқа көшуі кезіндегі зерттеу жұмысының мақсаттары мен сабақтастығының бірлігіне жауап беруі тиіс.

СҒЗЖ ұйымы университетте оқудың барлық кезеңінде студенттердің ғылыми жұмысқа үздіксіз қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

1 курста студенттерді қоғамдық ғылымдар және жалпы ғылыми пәндер кафедраларындағы ғылыми үйірмелерге жұмысқа тартады.

2 курста студенттер университеттің белгілі бір жалпы техникалық кафедраларының үйірмелерінің жұмысына қосылады. Студенттер сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық тақырыптар бойынша жұмысты жалғастыра алады.

3-курста студенттер қоғамдық ғылымдар мен іргелі пәндер бойынша зерттеулермен қатар бітіртуші кафедраның ғылыми бағыттары бойынша шағын дербес зерттеулер мен шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындай алады.

4-курста студенттер бейіндік пәндерді оқиды және бітіруші кафедраның оқытушыларымен тығыз байланыста болады, бұл студенттерді неғұрлым байыпты ғылыми зерттеулерге тартуға, ғылыми тақырыптар бойынша курстық жобаларды орындауға және университетте оқудың соңғы кезеңі ретінде - ғылыми дипломдық жобаны (жұмысты) орындауға мүмкіндік береді.

5.7 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын материалдық қамтамасыз ету



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 9- беті
--	---	--

5.7.1 ҒЗЖ-ға қатысатын студенттер өздері жұмыс істейтін университеттің кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінің оқу зертханаларының жабдықтарын, аспаптарын және құралдарын пайдаланады.

5.7.2 ҒЗЖ жүргізуге байланысты қажетті материалдық шығындар белгіленген тәртіппен Университеттің қаражаты есебінен немесе шарт жасалған тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жабылады.

5.8 Студенттерді және СҒЗЖ басшыларын көтермелеу шаралары

5.8.1 Ғылыми-зерттеу жұмысындағы жетістіктері үшін студенттер мен олардың басшылары белгіленген тәртіппен ақшалай сыйлықтармен, естелік сыйлықтармен, Университеттің дипломдарымен және грамоталарымен, Басқарма-Төрағасы - Ректордың Алғысымен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

Студенттердің ғылыми жұмыстарының республикалық конкурсының лауреат студенттері конкурс туралы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен марапатталады.

5.8.2 Белсенді ғылыми-зерттеу жұмысын үлгерімі жоғары студенттер факультет деканы бекіткен оқу жоспарын орындаудың жеке кестесі бойынша айналыса алады.

5.8.3 Ғылыми-зерттеу жұмысына қабілетін көрсеткен студенттер магистратураға түсу үшін ұсынылуы мүмкін.

5.9 Ғылыми жетекшінің және кафедрадағы СҒЗЖ үшін жауаптының міндеттері

5.9.1 СҒЗЖ ғылыми жетекшісі ғылыми үйірмені қалыптастырады, оның бағыттылығын айқындайды, үйірме жұмысының жоспары мен студенттерге тапсырмаларды жасайды, студенттерге зерттеу жоспары мен әдістемесін әзірлеуге көмектеседі, әдебиетті ұсынады, студенттерге кеңес береді, рефератты (ғылыми есепті) тексереді және бағалайды, зерттеу нәтижелерін жариялауға материалдарды дайындауға және өнертабысқа өтінімдерді ресімдеуге көмектеседі.

5.9.2 СҒЗЖ ғылыми жетекшісі әрбір студенттің дұрыс ғылыми және әдістемелік қойылымы мен жұмысын ұйымдастырудың тиімділігі үшін жауап береді; студенттердің университеттің ғылыми конференцияларына қатысуын, ал маңызды нәтижелер алған жағдайда оларды жариялауды және өнертабысқа өтінім беруді қамтамасыз етеді.

5.9.3 СҒЗЖ ғылыми жетекшісі өзінің жұмысы туралы кафедра отырысында мерзімді түрде (жылына кемінде 1 рет) есеп беруі тиіс.

5.9.4 Кафедрадағы СҒЗЖ жауапты адам кафедра меңгерушісімен бірге СҒЗЖ бойынша кафедра жоспарын құрады, ғылыми үйірмелердің саны мен бағытын анықтайды. Кафедра меңгерушісі атынан СҒЗЖ жалпы басшылықты жүзеге асырады, ғылыми жетекшілердің жұмысын үйлестіреді.

Кафедраның ғылыми бағытын және соның салдарынан студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын таңдау жақын болашаққа бекітілген ғылымның басым және «серпінді» бағыттарымен анықталуы, академиялық және әртүрлі деңгейдегі ғылыми-техникалық бағдарламалармен және жобалармен, өндіріс сұраныстарымен тығыз байланыста болуы тиіс.

5.9.5 Кафедрада (факультетте) СҒЗЖ жауапты студенттік ғылыми


«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 10- беті
--	--	---

конференцияларды, олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастырады, факультетте, институтта және республикалық конкурстарда (олимпиадаларда) студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, кафедрада СҒЗЖ бойынша қажетті құжаттаманы жүргізеді, кафедрада (факультетте) СҒЗЖ туралы анықтамалар мен есептер жасайды.

5.9.6 Кафедраларда (факультеттерде) ғылыми конференциялар, олимпиадалар мен конкурстар өткізуді факультеттер дербес жүзеге асырады. Факультеттердің ұсынысы бойынша өткізу кестесі мен тәртібі Басқарма Төрағасы - Университет Ректорының тиісті бұйрықтарымен бекітіледі.

А Қосымшасы  
(анықтамалық)

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІНІҢ КАРТАСЫ**



ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы; СФЗЖ-студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы; Е- ҚарТУ ережесі; i – семестр саны

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 12- беті
--	---	---

Б Қосымшасы  
(міндетті)

СҒЗЖ бойынша жоспар формасы

\_\_\_\_\_ кафедрасының \_\_\_\_\_ жылға  
**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

№ рк	ІС-ШАРАЛАР	Орындау мерзімдері	Орындаушы
1.	ҮЙІРМЕЛЕР ЖҰМЫСЫ (үйірменің атауын, ғылыми жетекшінің Т.А.Ә., жұмыс жоспарын белгілеу)		
2.	СҒЗЖ республикалық конкурсына қатысу		
3.	Кафедралық ғылыми семинарлар мен конференциялар өткізу		
4.	Ғылыми мақалаларды жариялау		
5.	Халықаралық, республикалық және аймақтық студенттік конференцияларға қатысу		
6.	Олимпиадаларға, көрмелерге қатысу		
7.	Өнертабысқа өтінімдер дайындау		
8.	Ғылыми тақырып бойынша курстық және дипломдық жұмыстарды орындау		

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 13- беті
--	---	---

В Қосымшасы  
(міндетті)

Кафедралардың ғылыми қызметі туралы  
есеп формасы

\_\_\_\_\_ Кафедрасының  
\_\_\_\_\_ жылға ғылыми қызметі туралы  
**ЕСЕБІ**

**1. Орындалған ғылыми жұмыстар**

1) Тақырып атауы \_\_\_\_\_

Орындау үшін негіз \_\_\_\_\_

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_

Негізгі нәтижелер \_\_\_\_\_

2) .....  
(кафедраның барлық тақырыптары бойынша ақпарат)

**2. ҒЗЖ нәтижелерін жариялау**

**2.1 Кітаптар (монографиялар)**

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, баспасы, жылы, беттер саны)

2) .....

**2.2 Мақалалар**

2.2.1 «Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ» КЕ АҚ баспасы

«Университет еңбектері» журналы, №1, 2014ж.

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, беттері)

2) .....

«Университет еңбектері» журналы, №2, 2014ж.

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, беттері)

2) .....

\* бірлескен авторлар (кафедра қызметкерлері емес) болған жағдайда жақшада әрқайсысының тегі, жұмыс орны, ал студенттер үшін – ол оқып жатқан топ көрсетіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 14- беті
--	---	---

**В қосымшасының жалғасы**

«Автоматика және информатика» журналы, №1, 2014ж.

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, беттері)
- 2) .....

*2.2.2 Қазақстан республикасында шығарылатын журналдар*

«Қазақстан өнеркәсібі», №10, 2014

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, беттері)
- 2) .....

.....

*2.2.3 ТМД-да шығатын журналдар*

«Уголь Украины» журналы, №3, 2014ж

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, мақала атауы, беттері)
- 2) .....

.....

*2.2.4 Алыс шетелдерде шығарылатын журналдар*

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, мақала атауы, беттері)
- 2) .....

*2.2.5 Жинақтар*

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, мақала атауы, жинақ атауы, баспа, жыл, беттері)
- 2) .....

*2.2.6 Депозиттелген материалдар*

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, мақала атауы (қолжазба), нөмірі, жылы, бет саны)
- 2) .....

*2.2.7 Жарнамалық парақтар*

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, атауы, баспасы, жылы, беттер саны)
- 2) .....

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 15- беті
--	---	---

В қосымшасының жалғасы

### 3. Конференцияларға қатысу

#### 3.1. Жалпы мәліметтер

Конференцияның атауы	Статусы	Өткізу орны және күні	Ұсынылған баяндамалар саны					
			барлығы	олардың ішінде			студенттермен бірлескен авторлықта	студенттермен
				жарияланыммен	жарияланым жоқ	студенттермен бірлескен авторлықта		
1. «Наука и образование – ведущий фактор стратегии «Казakhstan -2030»	Халықаралық	Қарағанды, «Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ» КЕ АҚ, маусым 2022ж.	5	4	1	2	1	
.....								
«Студент и научно-технический прогресс»	Колледж аралық аймақтық студенттік	Қарағанды, «Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ» КЕ АҚ, мамыр 2022ж.	7	5	2	—	7	

#### 3.2. Баяндамаларды жариялау

«Наука и образование – ведущий фактор стратегии «Казakhstan –2030» халықаралық ғылыми конференциясының еңбектері

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, баяндама атауы, беттері)

2) .....

«Актуальные проблемы горно-металлургического комплекса Казахстана» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, баяндама атауы, беттері)

2) .....

#### 3.3. Жарияланбаған баяндамалар туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ (конференцияның атауы)

1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, баяндама атауы)

2) .....

#### 3.4. Конференцияларда алынған марапаттар

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 16- беті
--	--	---

- 1) \_\_\_\_\_  
(автор\*, конференция атауы, марапат түрі)
- 2) .....

В қосымшасының жалғасы

#### 4. Көрмелерге қатысу

Көрсету керек:

- көрменің атауы, оның мәртебесі, өткізілетін орны;
- экспонат атауы;
- әзірлеушілердің аты-жөні;
- көрмелерге қатысу нәтижелері.

#### 5. Өнертапқыштық қызмет

а) Өтініш беру

Атауы	Автор*	Өтініш беруші	Өтініш берілген күн
1. Устройство для изгиба рельс	Иванов П.С., Жакенов Н.С. (ст. ПТ-98-1)	Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті КЕ АҚ	02.05.2014

б) Патенттер алу

Атауы	Автор*	Патент иесі	Патенттің (алдын ала патенттің) нөмірі, елі
1. Способ очистки воды	Карелин Д.З., Травкин С.К. (КарГУ)	ҚарМУ	10537 ҚР

#### 6. Диссертация қорғау

Диссертацияны қорғаған адамның және оның ғылыми жетекшісінің тегін, диссертацияның қайда және қашан қорғалғанын, диссертацияның тақырыбын және мамандық шифрын көрсету

#### 7. Кафедра қызметкерлері алған ғылыми дәрежелер, атақтар, ғылым академиясына сайлануы және марапаттары

Тегі мен алған ғылыми дәрежелерін, атақтарын және т. б. көрсету.



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 17- беті
--	---	---

## 8. ҒЗЖ орындау конкурстарына қатысу

Конкурстың атауын, жобаның атауын, басшының Т. А. Ә. көрсету.

## 9. Халықаралық қызмет

Шарттар, байланыстар, нәтижелер

## 10. Студенттермен ғылыми жұмыс

Студенттердің ғылыми жұмыстарының қысқаша сипаттамасы (үйірмелер, басшылар, нәтижелер). Оқу процесіне ғылыми жетістіктерді енгізу. Ғылыми тақырып бойынша курстық және дипломдық жобалауды орындау. Олимпиадаларды, конкурстар мен конференцияларды ұйымдастыру және қатысу, алған марапаттар...

В қосымшасының жалғасы

\_\_\_\_\_ кафедрасының \_\_\_\_\_ ж.

Ғылыми қызметтің сандық көрсеткіштері

№ рк	Кафедра оқытушыларының, магистранттарының, аспиранттары мен ғылыми қызметкерлерінің Т. А. Ә. (кафедраның толық құрамы)	лауазымы	ғылыми дәрежесі	ғылыми атағы	ҒЗЖ-ға қатысу, тақырыптар саны			ҒЗЖ нәтижелерін жариялау,* саны									Конференцияларға қатысу,* баяндамалар саны					Өнертабыстар*		Студенттермен ғылыми жұмыс					
					перуашылық паргтар бойынша	мемлекеттік бюджет бойынша	б/о кафедра бойынша	мерзімді басылымдарда			кітаптар (монографиялар)	жарнамалық парақтар	өңірлік	республикалық	халықаралық			Көрмелерге қатысу, экспонаттар саны*	берілген өтінімдер	алынған патенттер	СҒҚ-дағы студенттер саны	конкурстық жұмыстардың							
								ақыл	ы	б/о					ҚР	ТМД	алыс шетел						жынақтар	депозиitteу	жарнамалық парақтар	өңірлік	республикалық	халықаралық	
																												ҚР	ТМД
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26				
<b>ҮЛГІ</b>																													
1	Иванов П.Ф.	доц	к	д	3	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1/-	1/-	1/1	-	-	1/-	1/-	-	1	2				
2	Сидоров И.Я.	проф	д	п	2	2	1	1	4/1	1/-	1/-	1/-	-	-	-	1/-	-	-	-	-	1/-	2/-	-	4	1				
кафедра бойынша БАРЛЫҒЫ			6	6	5	3	1	1	8/2	4/1	5/1	1/-	-	-	2/-	3/1	2/1	5/4	4/2	1/1	3/-	4/1	2/-	6	4				

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

\* Алымында жарияланымдардың, баяндамалардың, өтінімдердің (патенттердің) жалпы саны көрсетіледі; бөлімінде – оның ішінде бірлескен авторлықта немесе авторлары студенттер болып табылатындар көрсетіледі.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады





«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ	<b>Білім алушылардың ғылыми қызметін басқару туралы қағида</b>	ІҚЕ VI-04-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 20-беттің 20- беті
--	--	---

### **Библиография**

[1] Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы №319 «Білім туралы» Заңы *(04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)*;

[2] Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №408-IV «Ғылым туралы» Заңы *(04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)*;

[3] «Қазақстан Республикасының патенттік Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І Қазақстан Республикасының Заңы *(04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)*;

[4] «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ Жарғысы.